

Жаңа көлік –
тың
мүмкіндік



2

Сайлау – 2023



3-6

Жас батырлар
марапатталды



8



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

№12 (23 188) 31 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

РЕСМИ

Жеті мыңға жуық көлік тіркелді

Елімізде жеті мыңға жуық адамның автокөлігі заңдастырылған. Ал, жалпы бүгінгі күні 30415 көлікті заңдастыруға рұқсат берілген. 6668 көлік несі тиісті құжаттар мен нөмірлерін алып үлгеріпті. Бұл жөнінде Ішкі істер министрлігінің өкілдері арнайы баспасөз мәслихаты барысында мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Көлікті заңдастыруға өтінішті e-gov.kz электронды үкімет порталы арқылы, екінші деңгейлі банктер арқылы, халыққа қызмет көрсету орталықтарына барып беруге болатынын айта кеткен жөн.

Белгіленген Ережеге сәйкес, көлік 2023 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстанға әкелінген болуы, ұрланған көліктер тізімінде болмауы, басқа мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылуы шарт. Бұдан бөлек, Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден әкелінген көлік кедендік ресімдеуден өтуі тиіс. Егер, автокөлік заңдастыруға жататын болса, онда бастапқы тіркеу үшін мемлекеттік баж, тіркеу куәлігі және мемлекеттік нөмір үшін алым төлеу қажет екенін еске саламыз.

Елімізде шетелдік көліктерді заңдастыру 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін жалғасатынын айрықша атап айтқымыз келеді.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЭКҰ-ға квота артты

Биыл «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 7 мың квота бөлінді. Бұл туралы елдің Денсаулық сақтау министрлігінде айтылды. Экстракорпоральді ұрықтандыру емшарасы терапиялық жолмен емдеу нәтиже бермейтін бедеулік диагнозы қойылған пациенттерге арналған.

Биыл ЭКҰ аясында бөлінген квота саны 7 мыңға дейін көбейді, – дейді Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният. – Елімізде бұл бағытта жұмыс істейтін 20-дан астам тиісті орталық бар. Сондықтан стандартқа сәйкес дәрігерлері бар, құрал-жабдықтары жасақталған орталықтар бағдарламаны жүзеге асыруға қатысып отыр.

«Аңсаған сәби» бағдарламасына отбасылық жұптар да, жеке адам да қатыса алады. Миндетті түрде үміткердің ерікті жазбаша келісімі болуы керек. Сондай-ақ, Қазақстан азаматы болуы және Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген медициналық параметрлерге (репродуктивті жас – 18-ден 42 жасқа дейін, қалыпты соматикалық және эндокриндік мәртебе, жоғары фолликулярлық резерв) сәйкес келуі шарт.

Аталған бағдарлама екі жылдан бері бар. Бытырғы жылдың соңындағы дерек бойынша 6,5 мың әйелге көмек көрсетілген. Нәтижесінде ЭКҰ арқылы 2650 отбасында 3110 сәби дүниесігін ашты.

Өз тілшімізден

ФОРУМ

Мәселе ашық айтылған жиын

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ұйымдастыруымен өткен Өңірлік мерзімді басылымдар форумы аймақ басылымдары өкілдерінің басын Астанада қосты. Қаузалған ортақ тақырып оқырмандардың азауы, газеттердің жекеменшікке өтуі, тіпті, жабылып қалуы, газет таратуындағы қиындықтар, қаржыландыру және техникалық жаңарту, газеттегі жарнама және заманауи контентке көшіру сияқты мәселелер болды. Өрі осына көкейкесті мәселелерді форумға қатысқан Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің алдында айту мүмкіндігі туды.



«Баспасөз бөлінбеуі қажет»

Форум модераторы Ақпараттық даму комитетінің төрағасы Қанат Ыскаков бірінші пленарлық отырысты ашып, алғашқы сөз кезегін «Қазақ газеттері» ЖШС-нің директоры Дихан Қамзабекұлына берді. Спикер ақпараттық саясаттағы өңірлік газеттердің роліне тоқталды.

– Баспасөз бөлінбеуі қажет. Орталық, жекеменшік, өңірлік деп. Ақпарат бәріне ортақ. Халық әлі баспасөзді қадірлейді. Алайда, қазіргі таңда олардың әлеуеті төмендеп барады. Қоғам мен билік арасында алшақтық бар. Осы бағытта өңірлік БАҚ-тың маңызын арттыру мақсатында министр тарапынан бірнеше міндеттемелер қойылды, – деген Дихан Қамзабекұлы газетті кімдер оқып жатыр деген сауалға үңілді. – Газетті іздеп оқитын адамдар жетеді. Физикада «критическая мас-

са» деген түсінік бар. 100-дің 10 пайызы. Қандай да бір идеяны не құбылысты ұстап тұратын адамдар үлесі. Газет сол 10 пайыз үшін қызмет ете беруі керек. Ол үшін сын мен бақылау болуы керек, – деді.

Бізізе, бақылау жазылатын дүниеге емес, жарық көрген дүниеге жасалуы керек. Жазылған сыңға тиісті тараптың уақытылы жауабы, былайша айтқанда, реакциясы қажет. Тіпті, міндет деуге болар. «Судың да сұрауы бар». Жауап арада кері байланысты орнатады, көтерілген мәселені шешілетінін, я шешілмейтіннің білдіреді. Бізде де «Облыс әкімінің назарына», «Дат», «Дабыл» сынды айдарлармен шығып жатады материалдар. Алайда, жауап келетіні сирек.

«Электронды БАҚ алдығы орынға шығуы тиіс»
Газеттердегі жарнама мен монетизация тақырыбын қаузаған

«Айқын-Литер» директоры Ысқақ Егембердиев те газеттер мемлекеттік тапсырыс аясынан шығуы керек деп санайды.

– Электронды БАҚ алдығы орынға шығуы тиіс. Басылымдар жарнамамен жұмыс жасамайды. Газеттерді шығаратын қағаз қазір қымбаттаған. Бірақ, біз газетті қымбаттата алмаймыз. Себебі, оқырман саны азайып кетеді. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істей берсек, жалақы өсіре алмаймыз. Сәйкесінше, жұмыс та тежеледі. Жарнамаға арнайы бет бөліп, өңірлік компаниялармен жұмыс жасамақ, үлкен табыс табуға болады. Қазан кайда қайнаса, сонда баруымыз керек, – деген ол өзі басшылық ететін басылым мен сайттың жарнама тарту жұмысына тоқталды. Тапқан табысын да жасырмады...

– Бүгінде басылымдардың жаңалық тартуда кейін қалғаны

анық. Сондықтан, газеттер сараптамалық, талдамалық, танымдық бағытта жұмыс жасауы қажет деп ойлаймын, – деді.

Әлеуметтік желілерде белсенді емес редакцияларға шыққан мақалаларды желіде «рекомендацияға» шығару, трафик сату, лонгрид, кросс-медиа әдістерін пайдалануға кеңес берді.

Қалалық, аудандық газеттердің өкілдері өңірлерде жарнамамен табыс табу мүмкін еместігін айтты. Жарнама ірі мегаполистерде табыс әкелетін шығар. Алайда, барлық басылым бұл мүмкіндікті толығымен пайдалана алмайды. Олар не істейді? Спикерлер «кету керек» деп отырған мемлекеттік тапсырыстан айырыла алмайды. Тіпті, «газетке мәжбүрлен жаздыру қажет» деген де пікір айтылды. Бірақ, қазіргі жаңа қоғамда ол тәсілден арылу керектігі де ескерілді.

National Geographic Qazaqstan журналының жауапты редакторы Айбын Шағалақтың журналды әзірлеу, журналистік зерттеу, суреттер мен инфографика туралы ойлары жиында жандандыра түсті.

«Алдымызда маңызды міндеттер тұр»

Төртінші билік өкілдерінің құқықтық мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсаты «Масс-медиа туралы» Заңға жүктеліп отыр. Жиынға қатысқан Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов аталған заңды қабылдау биылға жоспарланғанын жеткізді. Ол ақпараттық технологияның қарқынды дамып жатқан кезеңінде БАҚ-тың әлеуетін қалай көтеру керектігін, ақпараттық саясат пен азаматтық қоғам бағытын жеткізуде өңірлік мерзімді басылымдардың орнына тоқталды. Әсіресе, әлеуметтік желі, интернеттің өзге ресурстарында жалған ақпараттың көп кездесетінін, ал осы тұрғыда мерзімді басылымдар шынайы ақпараттарды жариялау қажеттігін баса айтты.

➤ 8-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

Жансай жарады!

Португалияның Алма-да қаласында дзюдодан өтіп жатқан Гран-при турнирінде қарағандылық Жансай Смағұлов ел қоржынына күмістен үшінші жүлде салды.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Турнирдің басталғанына санаулы уақыт болса да біздің балуандар жарап-ақ тұр.

73 келі салмақта белдескен Жансай іріктеу кезеңінде әуелі швед Олоф Хермодссонды, сосын украиналық Владислав Казимиров пен бельгиялық Йерун Кассени жеңіп, В тобынан суырылып шықты. Ал, жартылай финалда А тобының жеңімпазы испан Хосе Антонио Аранданың жауырынын жерге тигізді.

Алайда, жерлесіміз финалда өзбекстандық Обидхон Номонова есе жіберіп, II орынға тұрақтады.


Дәл осы салмақтағы тағы бір қазақстандық Ансарбек Гайнуллин гамбиялық Фэй Нджиді (шидо санымен) және португалиялық Саба Данелиянды жықты. Алайда, әзірбайжандық Нұрлан Османовтың айласы басым болып, ақтық сында Ансарбектен ұпай санымен басым түсті. Бұл салмақта барлығы 60 балуан бақ сынаған болатын.



Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Саранның екінші тынысы

Өткен екі жыл ішінде Саран өндіріс аймағында «Татнефть» жария акционерлік қоғамы мен Allur компаниясының бірлескен өндірісі – КамаТуресKZ шина зауыты салынып, толығымен жабдықталды. Осы жылдың мамыр айында өндірісті толыққанды іске қосу көзделген.



Қытайда жасалған станоктар да бар. «Стен шыққан жабдықтар қалай

өңдалады» деген сауалымызға компания өкілдері «қолма-қол жаңасы

жеткізіледі» деп жауап қатты. Өндірілетін шина радиусы

R14-тен R18-ге дейінгі көлемдегі жеңіл автокөліктерге тиесілі. Жұк көліктеріне де арнайы ассортимент даярланған. Автоматтандырылған құрылғылар көмегімен жұмыскерлер тез арада сапалы дөңгелек шинасын өндіреді.

Бір қызықтысы, аталған зауытта ерлермен қатар нәзік жандылар да жұмысқа орналаса алады екен. Басылық құрамда да әйелдер табысты еңбек етуде. Ендігі апта басында Татарстаннан бір топ делегация келіп, Саран қаласының әкімдігімен шалғайдан келген жұмысшылар үшін қызметтік тұрғын үй салу турасында келіссөз жүргізілмек. Оның аясында РТИ аумағында екі бес қабатты тұрғын үй салу жобасы жайында сөз болмақ.

Сонымен, өндірілген шиналар қайда экспортталмақ? Бұл турасында мамандар Ресей және ТМД елдерімен алдын ала келісім бар екендігін жеткізді. Шина шикізаты әзірге Ресейден жеткізіледі. Алдағы 2025 жылы Батыс Қазақстан облысында резецке шикізатын өндіретін арнайы зауыттың салынуы шикізат мәселесін түбегейлі реттейді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 501.04

•USD/KZT 460.43

•RUB/KZT 6.65

•CNY/KZT 67.89

Қазақстан Ұлттық Банкінің 30 қаңтар, 2023 жылғы дерегі бойынша

